

Көкпекті ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 25 "Көкпекті ауданының Бастаушы селолық округінің Бастаушы ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" қаулысының күшін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 165 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 мамырда № 7086 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Көкпекті ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкпекті ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 25 "Көкпекті ауданының Бастаушы селолық округінің Бастаушы ауылында шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 4900 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 31 мамырда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Көкпекті ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді:

1) осы қаулыны Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Көкпекті ауданы әкімінің орынбасары Даурен Бакытжанович Койгельдинге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Смаилов